



**«М.ӨТЕМІСОВ атындағы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

**М.Өтемісов атындағы
БҚУ кезектен тыс ғылыми
кеңесінің 2022 жылғы
«17» _____
№ / хаттамасының
шешімімен бекітілді.
_____ Н.Х. Серғалиев**



**М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БҚУ
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Орал қ., 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы
2. Жалпы ережелер
3. Қызметтің негізгі бағыттары
4. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері
5. Қорытынды ережелер
6. Сілтемелер

1. Қолдану саласы

Осы Ереже М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің (бұдан әрі – БҚУ) сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшелерінің құрылу тәртібін, қызметін, құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

2. Жалпы ережелер

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия БҚУ-дың әрбір факультетінде құрылған, жұмыс істейтін ұжымдық және үйлестіруші орган болып табылады.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия төраға мен мүшелерден тұрады.

Комиссия төрағасы факультет деканы болып табылады.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссияның құрамына кіреді:

- университеттің профессор-оқытушылар құрамы;
- студенттер;
- магистранттар;
- университеттің қызметкерлері.

Комиссия хатшысы дауыс беру арқылы Комиссия мүшелерінен сайланады.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамы бір оқу жылына баскарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі. Комиссияның жұмысын бақылауды академиялық мәселелер жөніндегі проректор жүзеге асырады.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырыстарына қажет болған жағдайда ЖОО-ның басқа да оқытушылары, әкімшілік-басқару қызметкерлері, жұмыс берушілер және оқыту мен басқару саласында сарапшы болып табылатын басқа да тұлғалар қосымша қатыса алады.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия өз қызметін бекітілген жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырыстары күн тәртібіне сәйкес үш айда бір рет өткізіледі.

Шешімдер бұйрықтар, өкімдер немесе жазбаша ұсыныстар түрінде қабылданады.

Комиссия факультет кеңесіне есеп береді.

3. Қызметтің негізгі бағыттары

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мақсаты – Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарының қызметін реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес білім беру сапасын қамтамасыз етудің ЖОО ішіндегі жүйесін құру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның негізгі міндеттері:

- факультеттің білім беру бағдарламаларының мазмұны мен шарттарын бағалау;
- білім алушылардың оқу, оқудан тыс, ғылыми және кәсіби мүдделерін ескере отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- факультетте білім беру сапасының мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу, ПОҚ-да және білім алушыларда анықталған білім беру үдерісі барысында туындайтын мәселелерді жою бойынша тәжірибелік шешімдер әзірлеу;
- білім алушыларды білім беру үдерісіне ынталандыру жүйесін құру және дамыту және білім алушыларды оны бағалауға тарту.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның негізгі функциялары:

1. Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау:

- еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігін зерттеу;
- әр түрлі формаларда іске асырылатын бағдарламалардың сапасына қойылатын

талаптардың бірлігін бағалау;

- білім алушылардың, түлектердің, жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларын дайындауға қатысу дәрежесін бағалау;

- қорытынды аттестаттаудың төрағаларының есептері, сыртқы сарапшылардың ұсыныстары, әлеуметтік сауалнамалар нәтижелері бойынша білім беру бағдарламаларын жаңарту рәсімін бағалау;

- білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкестігіне байланысты оқу процесінің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесу барысында алынған кері байланыс пен сауалнама нәтижелерін басқару;

- білім беру бағдарламаларының білім алушылардың зияткерлік, адамгершілік, рухани және мәдени дамудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі.

2. Білім беру үдерісінің сапасын бағалау:

- оқу және оқыту әдістерін бағалау;

- дәстүрлі және интерактивті оқыту формаларын теңдестіру;

- тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін қолдану;

- білім алушылардың дайындық бағыты бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне тартылуын зерттеу.

3. Білім алушыларды даярлау сапасын бағалау:

- еңбек нарығының талаптарын, жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып, оқу нәтижелерін зерттеу;

- бағалау құралдары, бағалау критерийлері және технологиялар қорының болуы;

- білім алушылардың даярлау сапасының МЖМБС, кәсіби стандарттарға, Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестігі;

- аралық, ағымдағы және қорытынды білім бақылауын өткізу кезінде білім алушылардың дайындық сапасы тетіктерінің тиімділігін зерделеу;

- пәндер бойынша бағалау критерийлерін әзірлеу дәрежесі;

- пәндердің силлабустарын дайындау сапасы;

- білім алушылардың оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін, электронды-кітапханалық басылымдарға қол жеткізуін бағалау;

- оқу үрдісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды бағалау.

4. Факультеттердің академиялық стандарттарды, академиялық адалдық қағидаларын және білім беру қызметін реттейтін нормативтік талаптарды сақтау қызметіне мониторинг жүргізу.

5. Факультеттің білім беру қызметіндегі сәйкессіздіктер, бұзушылықтар туралы білім алушылардың және ПОҚ-ның хаттарын, өтініштерін, шағымдарын талдау.

6. Студенттерді университеттің жаңа нормативтік-құқықтық актілері, білім сапасын арттыруға бағытталған атқарылып жатқан іс-шаралар туралы ақпараттандыру.

4. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Комиссия мүшелерінің құқығы бар:

1. Факультет кеңесінің талқылауына университеттегі сапа жүйесінің қалыптасуы мен жұмыс істеуіне, оқу үдерісінің жұмыс істеуінің нормативтік құжаттарға сәйкестігіне қатысты ұсыныстарды шығаруға.

2. Университетте оқу үдерісін жүзеге асыру барысы туралы есептерді, құжаттарды, анықтамалық ақпаратты сұратуға.

3. Студенттердің білімін ағымдағы және қорытынды бақылау нәтижелерінің ұйымдастыру сапасы мен дұрыстығын тексеруді жүзеге асыруға.

Комиссия мүшелерінің міндеттері:

1. Осы Ереженің талаптарын сақтау.

2. Комиссия жұмысына қатысу, отырыстарға қатысу, ұсынылған материалдарды уақтылы қарау, ұсынымдар мен ұсыныстар беру.

3. БҚУ оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие процесінің сапасын қамтамасыз ету мүддесінде әрекет ету.

5. Қорытынды ережелер

Осы Ереже университеттің ғылыми кеңесінің шешімімен қолданысқа енгізіледі және ол бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия университеттің Ғылыми кеңесінің, академиялық кеңесінің шешімдерін, оның қызметіне қатысты университет бойынша бұйрықтарды орындауға қабылдайды.

Осы Ереженің барлық өзгерістері мен толықтырулары университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітіледі.

6. Сілтемелер

Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттарда баяндалған талаптар мен қағидаттарды ескере отырып әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының 27.07.2007ж. №319-III «Білім туралы» Заңы (28.12.2017ж. толықтыруларымен және өзгерістерімен).

2. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022ж. №2 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

3. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.10.2018ж. №595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (18.05.2020ж. №207; 29.12.2021ж. №614 өзгерістермен және толықтырулармен).

4. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2011ж. №152 бұйрығымен бекітілген кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (12.10.2018ж. №563; 06.05.2021ж. №207 өзгерістермен және толықтырулармен).

Құрастырған:

Сапа және аккредиттеу
бөлімінің аға сарапшысы



Утегенова М.Е. «17» 08 2022 ж.

Келісілді:

Академиялық мәселелер
жөніндегі проректордың м.а.



Имашев Э.Ж. «17» 08 2022 ж.